

**Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде жазатайым жағдайлардан оны міндетті сақтандыру жөніндегі қызмет шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеуге 01.01.2026 -дан 31.12.2026 дейін арналған актуарлық болжамдар**

Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде жазатайым жағдайлардан оны міндетті сақтандыру жөніндегі қызмет және ерікті аннуитет шеңберінде жүзеге асырылатын аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша аннуитеттік төлемдердің құнын есептеу кезінде дейін келесі болжамдар қолданылады:

- кірістің тиімді жылдық пайыздық мөлшерлемесі (дисконт мөлшерлемесі) - 8% -дан көп емес;
- индекстеу - 8,83%;
- төлемдер шығындары - 3% -дан көп емес;
- сыйлықақылар шығындары - 0 %.

Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша аннуитеттік төлемдердің құнын есептеу кезінде келесі болжамдар қолданылады:

- кірістің тиімді жылдық пайыздық мөлшерлемесі (дисконт мөлшерлемесі) - 8% -дан көп емес;
- индекстеу - 8%;
- төлемдер шығындары - 3% -дан көп емес;
- сыйлықақылар шығындары - 0 %.

Өлім-жітім көрсеткіштері «Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін-атқарған кезде-жазатайым жағдайлардан оны міндетті сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды және ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 28 Қаулысына (бұдан әрі - 28-Қаулының қағидалары) сәйкес Аннуитет шарты бойынша аннуитеттік төлемдерді есептеу ережесі және аннуитет шарты мен сақтандырушының жасалатын аннуитет шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейіне қойылатын талаптары туралы 1,2- қосымшаларына және «Зейнетақы аннуитетінің үлгілік шартын бекіту, Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесін, сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша істі жүргізуге жұмсалатын шығыстарының жол берілетін деңгейін, сондай-ақ сақтандыру төлемін индекстеу мөлшерлемесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы №45 қаулысымен (бұдан әрі - 45- Қаулы қағидалары) бекітілген Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесімен белгіленген өлім-жітім көрсеткіштері кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Зардап шеккен қызметкердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 940- бабының 3-тармағына сәйкес зиян өтемін алуға құқығы бар тұлғаның пайдасына жасалған аннуитет шарттары бойынша аннуитеттік төлемдердің ағымдағы құн факторын есептеген кезде мынадай өлім-жітім көрсеткіштері қолданылады:

- 1) зардап шеккен қызметкер үшін - 28-Қаулы қағидаларының 1- қосымшасында көрсетілгендер;
- 2) елу сегіз жастан асқан әйелдер үшін және алпыс үш жастан асқан еркектер үшін 45- Қаулы қағидаларының 2-қосымшасында көрсетілгендер;
- 3) он алты жастан асқан мүгедектер үшін 28-Қаулы қағидаларының 2-қосымшасында көрсетілгендер;
- 4) он алты жасқа толмаған мүгедектер, кәмелетке толмағандар, оқушылар, қайтыс болған қызметкердің асырауында болған балаларын, немерелерін, аға-інілерін, апа- қарындастарын күтумен айналысатын ата- аналары, зайыбы не басқа отбасы мүшесі үшін - нөлге тең өлім-жітім көрсеткіштері қолданылады.

28-Қаулы қағидаларының б-1-тармағына сәйкес, төлем мерзімі жартылай немесе толықтай мерзімі өткен аннуитет шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеуде қолдану үшін аннуитет шарттарын жасасу (қол қою) және төлемдерді жүргізу алдындағы уақыт мерзіміндегі өлім- жітім көрсеткіштері ҚР Ұлттық банкімен келісілген (2014 ж. 17.02 №66-5-2-15/570 хат).

Осы болжамдар аннуитет шарттарында да белгіленеді, мұндағы залалдың бөлігі қайта сақтандыру шарттарында болжамдар ескертілмеген жағдайда қайта сақтандыру компаниясымен өтеледі. Егер қайта сақтандыру шарттарында залалдарды есептеу үшін болжамдар ескертілген жағдайда, болжамдар Компанияның актуарийымен бұрыштама қойылатын қайта сақтандыру

шарттарына сәйкес қабылданады.

Актуарлық есептеу және талдау қызметінің басшысы-  
актуарий(2007 ж. 05.01. №43 лицензия)



А. Макашева

23.01.2026